

**МКҚК «Шұғыла» бөбекжай – бақшасының «Күншуақ» ерте жас тобының тәрбиешісі Тұрарова Альбина Арманқызының
2025 – 2026 оқу жылындағы атқарылған оқу – тәрбие жұмыстарының есебі**

Бөбекжай-бақшаға жас маман ретінде қараша айының соңғы аптасында «Күншуақ» ерте жас тобына тәрбиешілік қызметке орналастым. Қазіргі кезде топтағы 18 тәрбиеленушімен оқу жылын қорытындылап отырмыз. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жыл 14 қазанындағы №422 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың осы үлгілік оқу бағдарламасына сай топтың құрылған жылдық перспективалық жоспарына сүйене отырып циклограмма жаздым. Бөбекжай әдіскері мен топтағы бірге қызмет атқаратын маған тәлімгер ретінде бекітілген тәрбиешінің үйретуімен тәрбиешіге міндеттелінген құжаттарды жасауды меңгеріп, үйреніп келемін.

Желтоқсан айында ата-аналар жиналысын өткіздік. Жиналыста тәрбиеленушілерімізбен өткізілетін Жаңа жыл ертеңгілігіне дайындық барысы, сонымен бірге олардың киетін мерекелік костюмдері, оқу -тәрбие үрдісіндегі дағдыларды меңгерулері айтылды.

Қаңтар айында бөбекжайда биылғы оқу жылындағы Қобда ауданы бойынша біздің бөбекжай «Жасыл балабақша» жобасында тірек балабақшасы ретінде ақпанда өткізетін облыстық семинар-практикумға дайындалдық. Ақпан айында топ арасында облыстық семинар-практикум аясында ата – аналармен бірге «Жаңа өмір сыйлайық!» атты қалдық заттардан жасалған дамытушы ойындардың көрмесі ұйымдастырылды, осы аталған көрмеге де топ ата-аналары қатысты.

Наурыз айында 1– наурыз мерекесіне арналған «Барлығына рақмет !» фотосурет көрмесі, 8– наурыз мерекесіне арналған «Аяулы анашым» атты ертеңгілігін өткіздік. Ұйымдастырылған мерекелік кештерде әр түрлі ертегі кейіпкерлерін сомдадым. 22 наурыз мерекесіне орай «Жаңару мен мейірімділік мерекесіне орай « Наурыз - жыл басы» атты топтар арасында ертеңгілік тамашаладық, топ балалары ұлттық ойындардың жеңілдетілген түрлерін ойнауға қатысты.

Сәуір айында топ ата-аналары « Құстарға ұя сыйлаймыз !» атты өткізілген топаралық байқауға қатысты.

Мамыр айында қорытынды ата – аналар жиналысын өткізіліп, жыл бойы оқу-тәрбие жұмыстарына,оның ішінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жұмыс жоспарында білгіленген жұмыстарға белсенді қатысқан ата – аналарға Алғыс хаттар табысталды.

Өз білімімді жетілдіру мақсатында қаңтар айында «Нұр» санаторлық типтік балабақшасында өткізілген аудандық «Жасыл балабақша» тақырыбындағы семинарға бардым;Сонымен қатар «TANYM KZ»біліктілікті арттыру орталығынан «Инклюзивті білім беру мен үйде оқытуды ұйымдастыру және арнайы балалармен жұмыс жасау» тақырыбы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде онлайн ақылы курстан өтіп сертификат, сонымен бірге «Дарын-ай» республикалық курстан да өтіп, сертификат алдым.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының дамуының толтырылуы талаптарына сай қаңтар айында «аралық» мониторингтеу жүргізілді, онда «төмен деңгейде»-13 бала, «орташа деңгейде»-4 бала; «жоғары» деңгейде-0 бала көрсеткіші; ал қорытынды бақылауда «төмен деңгейде»-5 бала,олар тек сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиеттен ғана көрсеткіші төмен ,қалған дағдыларды толық бағдарламаға сай меңгерген; «орташа деңгейде»-6 бала; «жоғары» деңгейде-7 бала көрсеткіші анықталды. Балалардың жеке дамуы картасына сүйене отырып түзету жұмыстарын қажет ететін балаларға апталық циклограммадағы «баламен жеке жұмыс» көрсететін бөлімде жұмыстар жүргізіліп, жүзеге асырылды.Түзету нәтижесінде жалпы балалардың даму көрсеткіші қаңтар айымен салыстырғанда қорытынды нәтижесінің көрсеткішінде жоғары деңгейге 7 балаға; орташа деңгейі – 6 балаға өзгерген.Түстерді түгел ажыратуды, салыстыруды жетілдіруде.Жыл мезгілдерін,геометриялық пішіндердің түстерін дұрыс ажыратып айтуға дағдылануда.Қоршаған орта туралы берілген ақпаратты қабылдап тәрбиешінің қимылын орындай алады. Өлең жолдарын тәрбиешімен бірге қайталап жатқа айтуға талпынып ынталанады. Балалардың сөздік қорларын жетілдіру жұмыстарын әлі де үнемі жүргізіп отыру қажет . Күннің екінші жартысында балалармен төмендегідей жеке жұмыстар жүргіземін: түстерді ажырату, құрастыру материалдарымен түрлі дамытушы ойындар,сонымен қатар ойыншықтарды ажыратуға көмектесу, бірігіп ойнау, бірге әрекет жасауға үйрете отырып әртүрлі ойындар ұйымдастырып жүргіземін. Сонымен бірге қозғалыс белсенділігін арттыру үшін серуен,спорттық жаттығулар мен қимылды ойындарды,жас ерекшеліктеріне сай ұлттық ойындарды ойнатып, музыка сүйемелдеуімен таңғы жаттығу, ұйқыашар жаттығуларын уақытылы күн сайын өткіздім.Осындай жұмыстарды жүргізу өз нәтижесін берді деп ойлаймын, тәрбиеленушілерім қимыл- қозғалысты қайталай алады,ойын аяқталған соң орындарын жинауды,жекелей берілген тапсырмалады да орындауды үйренді.Кей балалар түбекке өздігінен сұрануға

да дағдылануда. Балалармен мақсатты жұмысты жалғастыру, талапқа сәйкес қауіпсіздікті ескере отырып, топтағы заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жетілдіру. Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс және гигиеналық мәдениетін дамыту. Заманауи педагогикалық технологияларды қолдана отырып оқу- тәрбие жұмыстарын үйрену, жалғастыру.

“Күншуақ” ерте жас тобының тәрбиешісі:  Тұрарова А.А.